

**6D050600 «Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Дүйсенова Райгүл Жәнісқызының «Цифрлық экономика жағдайындағы аймақтық әлеуметтік–экономикалық жүйелерді дамытудың басымдық бағыттарын қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми**

**СЫН - ШІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практика және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қазіргі таңда экономиканы цифрландыру әртүрлі көріністермен қамтылған әлеуметтік – экономикалық үрдістің ең көп талқыланатын аспектілерінің бірі болып отыр. Цифрлық экономиканың негізінде сандық ақпараттарды жинаудың, өңдеп жеткізудің бағдарламалық құралдарын әлеуметтік қатынастардың экономикалық қызметтерінің барлық салаларына пайдалану қабілеті жатыр. Қазіргі экономиканы цифрландыру – нақты сектордағы нақты жобалардан тұратын прагматикалық бастауды қамтамасыз ету, экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және оларды технологиялық қайта жабдықтау жобаларын іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту керектігі мемлекеттік «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасында толық тұжырымдалған. Осы аталған цифрлық экономика жағдайында аймақтық әлеуметтік– экономикалық жүйелерді дамытудың басымдық бағыттарын дұрыс қалыптастыру басты міндет болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі таңдағы аймақтық даму факторлары ретінде бір немесе бірнеше байланысты салалардың негізіндегі кәсіпорындардың аумақтық шоғырлану жағдайын және өнеркәсіптік кластерлерді қарастыру кезеңдері мен аймақтардың әлеуметтік – экономикалық деректерін салыстыра келе, цифрландырудың аймақтардың әлеуметтік – экономикалық дамуының орасан зор қозғалтқыштарының бірі ретіндегі көрінісін айқындайды. Аймақтар цифрлық экономиканың барлық мүмкіндіктерін пайдалануға қабілетті болуы керек. Атап айтқанда, цифрлық технологиялар барлық саланың қуатты қозғалтқышына айналып, инвесторлар мен адами капиталды тарту мақсатында аймақтардың цифрлық экономиканың барлық әлеуетін бәсекелестік артықшылық ретінде қолдана алуымен маңызды болады және ғылыми – техникалық әлеуетті дұрыс қалыптастырып, салалық инновацияларды бастайтын ірі аймақтық кәсіпорындарда жаңа цифрлық технологияларды енгізу, аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негізделеді. Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін осы негіздемелер растайды және оның негізгі мақсатын айқындайды. Аймақтардың дамуы күрделі үрдіс болып табылады және оны зерттегенде көп өлшемдік тәсілдер керек болады. Осыған байланысты цифрлық экономика жағдайында техникалық және



технологиялық прогресс пен әлеуметтік – экономикалық өмірдің үйлесімді бағытына қол жеткізу үшін аймақтық дамудың моделдеріне сәйкес келетін факторлар зерттеу жұмысында қалыптасқан. Қазақстанда аймақтардың әлеуметтік – экономикалық дамуының деңгейлері бойынша теңестіру кезеңіне бағытталған шаралар қолданылған.

## **2. Диссертацияларға қойылатын талаптар (ғылыми дәрежелер беру ережелер) шеңберіндегі ғылыми нәтижелері.**

Зерттеу барысында мәселеге қатысты теориялық – әдіснамалық еңбектерді толыққанды және терең талдағаны байқалады. Бірнеше ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайының цифрлық экономика бойынша даму бағыттарын, бірқатар мәселелерін, ол мәселелерден шығудың атаулы жолдарын зерттеген. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы цифрлық экономика жағдайындағы Қазақстан Республикасы және оның аймақтарының әлеуметтік– экономикалық жүйелерін дамытудың басымдық бағыттарын қалыптастырудан, аймақтық жүйелердің бәсекеге қабілеттілік факторларын жетілдіруден тұрады.

Осыған сәйкес, зерттеу барысында маңызды ұсыныстар мен қорытындылар алуға қол жеткізілген. Диссертациялық жұмыс ізденушінің өз бетінше жүргізген ғылыми зерттеуі және тыңғылықты нәтижелерден тұрады. Ал ғылыми жұмыстың жаңалықтары қойылып отырған талаптарға жауап бере алады. Ғылыми жұмыстың келесідей оң нәтижелерін атап өту қажет:

**Нәтиже 1.** Цифрлық экономика жағдайындағы аймақтың әлеуметтік – экономикалық жүйесінің дамуы бойынша автор анықтамасы берілді.

**Нәтиже 2.** Қазақстандағы цифрлық экономика жағдайындағы аймақтың әлеуметтік – экономикалық жүйесін жетілдіруде бірқатар әдіснамалық тәсілдер ұсынылды; аймақтық жүйелердің бәсекеге қабілеттілік факторлары талданып, Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық әртараптануы айқындалды;

**Нәтиже 3.** Цифрлық экономика жағдайындағы аймақтық әлеуметтік – экономикалық жүйелерді инновациялық дамыту қорытындысы талданды; Аймақтық әлеуметтік – экономикалық жүйелерді дамытуға байланысты инновациялық кластерлерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді;

**Нәтиже 4.** Аймақтардың әлеуметтік – экономикалық жүйелерінің инновациялық даму бағыттарын бағалау үшін Алматы облысында жаңартылған әдіснамалық базасы қалыптастырылды;

**Нәтиже 5.** Қазақстан аймақтарын цифрландыру бойынша аймақтардың әлеуметтік -экономикалық дамуын реттеудің экономикалық – математикалық моделі жасалды;

**Нәтиже 6.** Қазақстан аймақтарының әлеуметтік – экономикалық жүйесін цифрлық экономикалық тұрғыда қалыптастырудың тенденциялары зерттеліп, ұсыныстар әзірленді.

**3. Ізденушінің диссертацияда ұсынған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**



Автордың ұсыныстары мен тұжырымдамалары, алынған нәтижелері өзінің ғылыми мәнділігімен, нақты алынған нәтижелерімен ерекшеленіп, жалпы диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалық дәрежесін айқындап тұр.

Зерттеу жұмысында қол жеткізген ғылыми нәтижелердің, тұжырымдар мен қорытындылардың негізділігі мен шынайылығы былайша дәлелденді:

- Отандық және шетелдік ғалымдардың аймақтың әлеуметтік – экономикалық дамуы барысындағы ғылыми еңбектері құрады;

- Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауы; Қазақстан экономикасын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы; «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі статистика комитеті мен аймақтық органдарының ресми деректері, «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» Ұлттық жобасы, Қазақстан Республикасы мен дамыған елдердің экономикалық шолулары, республикалық және өңірлік бағдарламалар, облыстық мекемелердің деректері мен мерзімді басылымдағы мәліметтер жинағына негізделді.

- Зерттеу жүргізу экономикалық және статистикалық талдау, салыстыру, экономика-математикалық тәсілдермен айқындалды;

- Зерттеу жұмысы нәтижелерінің отандық және шетелдік ғылыми баспаларда жариялануымен.

**4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің (ғылыми қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.**

Диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген ғылыми нәтижелер жеткілікті деігейде жоғары жаңалық дәрежесіне ие болады:

-бірінші нәтиже жаңа, өйткені осы күнге дейінгі зерттеулерде аймақтардың әлеуметтік – экономикалық дамуының цифрлық жағдайдағы көрінісі мен тұжырымдамасы толық айқындалмаған;

-екінші нәтиже салыстырмалы түрде жаңа, өйткені Қазақстандағы цифрлық экономика жағдайындағы аймақтың әлеуметтік – экономикалық жүйесін жетілдіруде әдіснамалық тәсілдер берілген үлгіге сәйкес бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастырудағы аймақтардың ролін «аймақтық үштік», табиғи ресурстар, капиталдар, білікті мамандар, инфрақұрылымдар құрап отырған өзара байланысты төрт бағыт бойынша зерттелді. Көптеген салаларда бәсекелестік табысқа жету мақсатында кластерлер қажетті сыни массаны құрады;

-үшінші нәтиже жаңа, кластерлердің жұмыс жасау барысындағы тиімділігін бағалайтын тәсілдерді жүйелеу нәтижесінде аймақтық инновациялық кластердің жұмыс жасау тиімділігін бағалау әдістемесі ұсынылды, ал субъектінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты салалардың - инновациялық және инвестициялық белсенділік бойынша экономикалық тиімділігі кластердің өзінің адами капитал мен аймақтық өзара іс-қимыл параметрлерін есепке алу айрықша ерекшелігі деп танылады.

- төртінші нәтиже жаңа, аймақтық инновациялық-ұдайы өндіру үдерістерін басқарудың тұжырымдамалық моделі берілді, Тұжырымдамалық



модель аймақтық – инновациялық ұдайы өндіру үдерістерін басқарудың негіздемесін оңтайлы қалыптастырады. Алынатын нәтиже– аймақтардағы инновациялық белсенділікті толықтай жаңғырту, экономиканың инновацияларды қолдануға деген қабілетін өзгерту; инновациялық жүйелерді табысқа айналдыру бағытында ынталандыруға көмектеседі.

-бесінші нәтиже жаңа, Қазақстан аймақтарын цифрландыру бойынша аймақтардың әлеуметтік -экономикалық дамуын реттеудің экономикалық – математикалық моделі жасалды. Қазақстан аймақтарының экономикалық-әлеуметтік жағдайына талдау жасау үшін STATISTICA 10 бағдарламасы қолданылды. Айнымалы ретінде 15 облыстың (қала) аты алынып, бес фактор бойынша көрсеткіштер  $X_1, X_2, X_3, X_4, X_5$  STATISTICA жүйесімен есептелді.

-алтыншы нәтиже жаңа, себебі цифрландырудың жаһандық бағыттары және аймақтық әлеуметтік – экономикалық жүйелерді дамытудағы тәжірибе алмасудың ықпалы көбінесе Қытай, Сингапур, Оңтүстік Корея елдерінің ұлттық экономикаларды цифрландыру бойынша алдыңғы қатардағы іс-әрекеттері болып табылады. АҚШ пен Қытай цифрлық экономиканы қалыптастыруда Қазақстаннан едәуір озып кетті, бұл экономика масштабындағы айырмашылықтарға ғана емес, сонымен қатар экономиканы цифрландыру мәселелерінде Қазақстанның саяси элитасы мен іскер топтарының артта қалуына байланысты. Сондықтан Қазақстан аймақтарының әлеуметтік – экономикалық жүйесін цифрлық экономикалық тұрғыда қалыптастырудың тенденциялары ұсынылды.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.**

Диссертациялық зерттеу жұмысының пәні мен зерттеу объектісі, тақырыптың мақсаттары мен міндеттері, алынған нәтижелер мен қорғауға шығаратын негізгі тұжырымдары арасындағы логикалық байланыс бір – біріне тәуелділікпен қалыптасқан.

#### **6. Ізденушінің қол жеткізілген нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталуы.**

Аймақтық дамытудың мүмкіндіктері мен қауіптері, ұлттық деңгейдегі экономикалық сараптау, интеграция мен цифрлық трансформациядан туындаған аймақтық мәселелер мен оларды дамыту бағыттарын анықтау кешендерін толықтай ашып көрсету және бағалау керек. цифрлық экономика жағдайындағы Қазақстан Республикасы және оның аймақтарының әлеуметтік– экономикалық жүйелерін дамытудың басымдық бағыттарын қалыптастырудан, аймақтық жүйелердің бәсекеге қабілеттілік факторларын жетілдіруден тұрады. Бүгінде біз мемлекеттің экономикалық жүйенің қатысушыларын цифрлық болашаққа саналы түрде итермелеуі сияқты көптеген мысалдарды өзімізге қолдану арқылы бағдарлама бойынша іс-әрекеттерімізді жеңілдетуге аламыз. «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» Ұлттық жобасының негіздемелері жұмыстың нақты бағыттамамы болды.



**7. Диссертацияның негізгі қағидаларының, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.**

Диссертациялық жұмысының негізгі нәтижелері Scopus деректер базасына кіретін мақалаларда, ҚР БҒМ білім мен ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің тізімінде, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы баяндамаларда, оқу құралдарында жарияланған.

**8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Диссертация мазмұны бойынша төмендегідей кемшіліктер мен ұсыныстарды атап өтуге болады:

1. Кіріспені кеңірек жазып, жан-жақты ұлғайтқан дұрыс сияқты.

2. Диссертациялық жұмыстың кейбір статистикалық көрсеткіштері мен деректерін жаңартуы тиіс еді.

3. Диссертацияның кейбір беттерінде әріптердің түсіп қалуы орын алған.

4. Қазақстан аймақтарының әлеуметтік – экономикалық жүйесін цифрлық экономикалық тұрғыда қалыптастырудың тенденциялары бойынша тұрақты дамуды өлшеудің матрицасын толықтай зерттеуді ұсынар едім.

Жоғарыда аталған ескертулер мен ұсыныстар диссертациялық жұмыстың мазмұны мен нәтижесі құндылығын түсірмейді және қарастырылып отырған мәселені ары қарай жетілдіре жалғастырудың бағыттары болады деп сенемін.

**9. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінде» қойылған талаптарға сай келуі.**

Қорыта келе, Дүйсенова Райгүл Жеңісқызының 6D050600 «Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысының ғылыми құндылығы жоғары әрі білікті зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертацияның дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы жоғары деңгейде келтірілген.

Диссертациялық жұмыс «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» қойған талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы Дүйсенова Р.Ж 6D050600 «Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші:**

**Alikhan Bokeikhan University**

**«Бизнес және басқару» кафедрасының**

**қауымдастырылған профессор м.а., PhD**

**А.А. Аманбаева**

PhD А.А.Аманбаеваның қолының түпнұсқалығын растаймын

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись
<i>Аманбаева А.А.</i>
КАДР БӨЛІМІ
202__ж.г.

